

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№8 (7897)

Жұма
17 ақпан
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауын жариялағаны баршаға мәлім. Бұған дейінгі Жолдауларда негізін саяси реформаларға басымдық берілсе, бұл жолғы тарихи құжат елімізде орын алған саяси жаңғырудың экономикалық өзгерістерге ұласуына бастау болмақ.

Жолдауда белгіленген маңызды межелерге

Адам денсаулығы – қоғам байлығы

қол жеткізу – Қазақстанға қазіргіден де биік асуларды бағындырып, қуатты мемлекетке айналуына зор мүмкіндік берері анық. Біздің бүгінгі таңдағы жетістігіміз де қомақты. Соның бірі – денсаулық саласы. Елінің болашағын ойлайтын ел алдымен халқының денсаулығына ден қоятыны белгілі. Сондықтан, бұл мәселе елімізде тұғырдан түскен емес.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында еліміздегі денсаулық сақтау мәселесін де баса айтты.

«Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана қоғам орнықты дамиды. Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Дегенмен, оның жағдайы әлі де мез емес. Әрине, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейді. Сондықтан, аса маңызды мәселелерді ретке келтіруге баса мән берген жөн. Соның бірі – қаржыландыру жүйесі. Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірін,

жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр. Бүгінде медициналық көмек мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті деп екіге бөлінген. Ашығын айтсақ, мұндай жүйенің тиімділігі төмен», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Адам денсаулығы – қоғам байлығы. Осы тұста әр адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру қажет. Егемен еліміздің болашағы, көркеюі – салауатты өмір салтын сақтауда. Өсіп келе жатқан ұрпақ санасына денсаулықтың маңызын түсіндіріп, олардың денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру – баршаның борышы.

Дәрігер мамандардың жетіспеушілігі де – біздің саладағы өзекті мәселенің бірі. Жолдауда атап көрсетілгендей, ре-

зидентураға түсетіндердің саны 70%-ға ұлғайтылса, медициналық жоғары оқу орындары Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауды бастаса, алдағы 2-3 жылда маман тапшылығы мәселесі бір ретке келері сөзсіз.

Жолдауда айтып өткендей, алдағы екі жылда 650 ауылда медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункт салынса, толығымен жабдықталса, миллиондаған азамат медициналық-санитарлық көмекке қол жеткізеді. Ұлттық жоба аясында аудандық 32 аурухана жаңартылып, ауданаралық көпбейінді мекемеге айналатыны да біздің саланың жаңа белеске көтерілетінін аңғартады. Оларда инсульт орталығы, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімшелері пайда болса, төрт миллионнан астам азамат үшін медициналық қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік туады екен. Оған қоса телемедицина дамытылып, шалғай аудандардың тұрғындарының білікті көмек алуына жол ашылмақ.

Г.Мерхайдарова,

Шабанбай би ауылының отбасылық дәрігерлік емханасының мейірбикесі.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Ауыл тынысы – әкім есебінде

Жер-жерде әр деңгейдегі әкімдердің халық алдындағы есеп беру жиындары Ортадересін ауылдық округінде басталды. Бұл үрдіс билік пен бұқараны жақындастырудың тиімді де тікелей жолы екені белгілі. Аудан әкімі Руслан Кәңкебеков алғашқы кезекте білім ордасы мектепте



болып, оның жай-күйімен танысып, жылу қазандықтарын аралап көрді. Сонымен бірге жас оқушылармен кездесіп, білім айданындағы жолдарына сәттілік тіледі.

Одан әрі Р.Айткөнұлы ауылдық округтегі ардақты ана, «Құрмет» орденінің иегері, еңбек ардагері Марфуға Шойбасованың үйіне арнайы ат басын бұрып, амандасып, аналық батасын алды.

Келелі кеңесті аудан әкімі ашып, ауылдық округ әкімі С.Крқруов жылдық есебін беріп, алдағы жұмыс жоспары жайлы ауыл халқына есеп берді. Ауылда атап атқарылған айтарлықтай біраз жұмыс жасалынған. Өңір басшысы

атқарылған істер, ауылға бөлінген қаржының орынды жұмсалуды туралы ауылдық округ әкімінен есеп сұрап, халыққа атқарылып жатқан жұмыстарды саралап айтып берді. Жарыссөзге ауыл тұрғындары Е.Мустахаев, М.Маулен, Е.Абишдин, Н.Өнер шығып, ауылдағы электр энергиясы жұмысының қанағаттанғысыз екендігі, кәсіпкерлердің, шаруа қожалығы егелерінің жұмысын жандандыру мақсатында бөлінген несиесі, субсидиялардан уақтылы хабардар болып отырсақ десе, ауылдың кіреберісіндегі 9 шақырымдық жол жөнделсе, дәрігерлік пункт ауылда ашылған күнде толық күндік фельдшер жұмыс жасаса деген ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Жалпы, бұл ауыл ауызбірлігі жарасқан жұмыла жұдырық болып бірлесіп жұмыс жасайтындықтарын, сөз алған ауыл жастарының сөз ауанынан байқалды. Ортадересіндіктер ауылдық округ әкімінің есебіне қанағаттанарлық деп баға берді.

(Жалғасы 2-бетте).

Жолдау мұраты – ел мүддесі

Өзекті сауалдарға нақты жауап

Мемлекет басшысының Жолдауы Жаңа Қазақстанды құру жолындағы тағы бір үлкен қадам деп айтуға болады. Президент бұл саяси құжатта қазақстандықтардың ең өзекті сауалдарына нақты жауаптар берді.

Жолдауда Қазақстанның әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту үшін қабылдануы керек нақты шаралар сөз болды. Білім мен денсаулық сақтауды дамыту, жастарды қолдауға үлкен қаражат бөлу, барлық әлеуметтік төлемдерді индексстеу, зейнетақыларды қайта қарау, «Ұлттық қор – балаларға» жобасын қолға алу, осының бәрі – қазіргі қиындықтарға қарамастан, мемлекеттік әлеуметтік саясатты күшейтудегі өміршең бастамалар.

100 мың жасты жұмыспен қамту, жас кәсіпкерлерді жеңілдікпен несиелендіру, студенттік жатақхана мәселесін шешудің нақты шаралары жарияланған Жолдау болашақ ұрпақ мәселесінің Президент назарында екенін көрсетеді.

Сондай-ақ, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығына қатысты қордаланған мәселелерді тайға таңба басқандай айтып берді.

«Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл – стратегиялық міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман емес. Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін өзіндіктеуі тиіс. Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Мемлекет қаржыны онды-солды шаппып, ысырап етуге жол бермейді. Субсидия бөлуге және оның жұмсалыуына жүргізілетін бақылауды күшейту керек», – деді Президент.

Рас. Қазір қолда барға қанағат етіп, бір кездері елдің еңсесін тіктеткен бірнеше бағытқа иек артып отыра беруге болмайды. Түрлі пилоттық жобаларды қолға алып және олардың жүйелі жұмысына бақылау жасалуы керек.

Өйткені, қазір көзбояушылықпен, жалған цифрлармен жұмыс істейтін уақыт емес. Сонымен қатар, әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, оң тәжірибені бүкіл елге біртіндеп таратсақ, тәуір нәтиже берері анық. Барлық мүмкіндікті пайдаланған жөн.

Президент Жолдауы шеңберінде алда атқарылар жұмыс көп, ол бойынша іс-шаралар жоспары жасалатыны да заңды. Мемлекетіміздің бүгінгі және алдағы уақытта атқаруға тиісті іс-әрекетіне бағдар ретінде ерекше ықыласпен қабылдаған Жолдаудың әр сөзі халыққа керекті мәселелерді қамтиды. Еліміздің тағдыры – біздің тағдырымыз, еңсесі биік, тұтқасы берік еліміздің алға қойған мақсаттары орындалады деп сенемін.

Е.Ахметов,

Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

АУЫЛ ТЫНЫСЫ – ӘКІМ ЕСЕБІНДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Аудан әкімі Руслан Кенжебеков халықпен есепті кездесуді өрмен қарай Шашубай кентінде жалғастырды. Алғашқы кезекте жергілікті қауымдастық өкілдерімен, ардагерлер және Аналар кеңесімен кездесіп, кенттің

өлеуметтік-экономикалық мәселелердің даму бағдары және алда тұрған міндеттер мен жоспарлар туралы пікір алмасты. Одан соң кенттегі балықшылар өкілдерімен кездесіп, Балқаш көлінің маңайындағы балықшыларды толғандырып жүрген түйткілді мәселелерін тыңдап, ұсыныс-пікірлерін

ескеріп, жергілікті атқарушы орган өкілдерімен бірлесе шешіп, нақты шешім қабылдайтындығын жеткізді.

Мәдениет үйінде өткен кездесуде кент әкімі Нариман Мангишев ақпар жасап, өңірде атқарылған жұмыстың барысымен халықты

хабардар етті. Тұрғындардың сұрақтарына кезек берілді. Сөз алған С.Құсайынов, Ф.Курушева, К.Жұмабекқызы, К.Өбеуова, А.Түкбаевалар өңірдегі электр энергиясы, жол, құрылыс салаларында қолға алып жасайтын

қордаланған істердің бар екендігін тілге тиек етіп, тиісті сала басшыларымен ақылдаса отырып шешудің жолдарын қарастырды. Қорытынды сөз алған аудан әкімі Руслан Айтықенұлы: – Кентте жүйелі жасалынған жұмыстар бар, алайда жасалатын іс одан да көп. Алда кенттің өркендеуі

жолында үлкен жоспарлар жасалынған, оны кент әкімінің ақпарынан көрдіңіздер. Оларды бір кісідей қолға алып, ел болып жұмыс жасауымыз керек, – деп жиналысты қорытындылап, жеке сұрақтарымен келген тұрғындарды қабылдады.

2023 жылдың 16 ақпанында есеп беру жиыны Тораңғалық ауылдық округінен басталды. Руслан Айтықенұлы алғашқы кезекте білім ордасы мектепте болды. Оқу

алмасты. Жарыссөзге Г.Түйтебаева, А.Яник, Н.Байбосынов, С.Батырхан, Г.Серікбаевалар шығып, ауылдағы ауыз су, көл жағалауындағы қоқысты реттеудегі



орнына алдағы уақытта жасалынатын жөндеу жұмыстары жайлы білім бөлімінің басшысы А.Қуанышбаев ақпар берді. Сыныптарды аралап, оқушыларға жүрек-жарды тілегін білдірді.

Мәдениет үйінде өткен жиында ауылдық округ әкімі А.Боранның жылдық есебінің аясында халықпен ашық алаңда пікір

кәсіпкерлермен келіссөз, жол мәселесі және тұрғын үйлердің құжаттарын реттеу сияқты бірқатар мәселелерді тілге тиек етті. Аудан басшысы барлық айтылған мәселелерді мұқият тыңдап, сала басшыларына тапсырма беріп, күрделі мәселелердің жолдарын ақылдасып шешуге уәде берді.

Балқаш көлінің жағасында орналасқан Тасарал ауылына іссапармен барған аудан әкімі Руслан Кенжебеков ауылдың ардақты анасы, ардагер ұстаз А.Оспанованың отбасына арнайы барып жағдай сұрасты. Биыл мерейлі 70 жасқа толып жатқан аяулы жанның білім саласына сіңірген еңбегіне алғыс білдіріп, сый-сияпат жасады. Білім ордасы

мектепке соғып, ұстаздар қауымымен, оқушыларымен кездесті. Алпыс жылдық тарихы бар білім ордасының білікті ұстаздардың еңбегін, оқушылардың білім сапасының жоғары көрсеткішін көрген аудан басшысы ұстаздарға ризашылығын білдірді. Аталмыш ордаға қолдау көрсетуге өзі екендігін жеткізді. Жұмыс сапары аясында мектеп, әкімшілік



ғимараттарының жылу қазандықтарын көрді. Жуырда ашылған спорт мектебінің қазақ күресімен айналысып жүрген бір топ жасөспірімдерімен кездесіп, самбодан әлем чемпионы Р.Кенжебеков шағын

қажеттілігі мен медициналық пункт және мектеп салуға көмек көрсетуді сұрап, соған қажетті жұмыс ұйымдастыруын сұрады.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Сарышаған елді мекеніне есептік кездесуге барған аудан әкімі Руслан Кенжебеков, алғашқы кезекте кенттегі бірқатар нысандарға арнайы барып, олардың жайымен танысты. Бес мыңға

болашақта жасалынатын жұмыстарды сала басшыларымен бірге жоспарлады. Мәдениет үйінде есептік кездесу өтіп, кент әкімі А.Тоимбековтың жылдық есебі баяндалып, алдағы жоспарынан халық хабардар болды. Әр өңірдегідей



жуық халқы бар елді мекендегі жылу қазандығының жұмысын, №3 мөлтек ауданда орналасқан апатты жағдайда тұрған 4 үйдің жөндеу жұмыстарын және су сору қондырғысына (ВНС) арнайы сала басшыларымен бірге барып, ондағы жұмысшылармен кездесіп жалпы істің барысын бағамдады. Жұмыс жоспары аясында халықпен тікелей жұмыс жасайтын қауымдастық өкілдерімен, теміржол мекемесінің басшыларымен жеке бас қосып, кенттің жалпы жағдайы, экономикалық-өлеуметтік дамуы, осы жылы болатын кенттің 70 жылдығын қандай дәрежеде атап өту керектігін, кенттің гүлденуі жолында бірлесе жұмыс жасау бағытында атқарылатын жұмыстар талқыланды.

бұл жерде де шешімін күткен мәселелер жетерлік. Ауыл тұрғындары Қ.Мурзалиев, А.Ахметов, Е.Ахмедиев, Б.Белитруков, Д.Жолмағанбетов су сору бекетінің реконструкциясын жаңарту, қазандықтар толық жөндеуден өткізілсе, электр энергиясының төлем ақысы бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігін жеткізді. Сонымен қатар, тұрғындар кентке өрт сөндіру машинасы және қосымша жедел жәрдем көліктері қажет, осы мәселелер бір жақты шешімін тапса деген ұсыныстарын жеткізді.

Теміржол торабының күретамырында орналасқан Сарышаған кентіне алғашқы іссапары болғандықтан өңір басшысы Руслан Айтықенұлы мектепке, «Айгөлек» балабақшасына, отбасылық дәрігерлік емханаға, мектеп-интернатының мекемелеріне арнайы барып, олардың жай-күйімен, жұмыс барысымен жеке танысып,

Кент әкімінің ақпарын, халықтың пікірі айтылған соң аудан әкімі Р.Кенжебеков халық үніне құлақ асу, мүмкіндігінше жағдайды шешу біздің міндетіміз. Барлық айтқандарыңызды ескере келе, кеңестегі өзекті мәселелерді мамандармен ақылдасып шешеміз дей келе, ауылға спорт кешенін салу, энергия тарифі, тағы да бірқатар сұрақтардың шешімін табатындығын жеткізді.

Г.Елусизова, Ақтоғай-Ортадересін-Шашубай-Тораңғалық-Тасарал-Сарышаған-Ақтоғай.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес бірмандатты аумақтық сайлау округтары бойынша Ақтоғай аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың тіркелгендігі жөнінде 18.02.2023 жылғы қорытынды ХАБАРЛАМА

№1 сайлау округі бойынша

1. **Уйсымбаев Фархат Дайырбекулы**, 1988 ж.т., жұмыссыз, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылдық округі, Нүркен ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 13.02.2023 ж.).
2. **Таукеев Төлеген Зарузадинович**, 1980 ж.т., "Аманат" партиясының Ақтоғай аудандық филиалының төрағасы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 13.02.2023 ж.).
3. **Кәрібаев Мейірман Талғатұлы**, 1995 ж.т., Ақтоғай ауданы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі бас маманы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

№2 сайлау округі бойынша

1. **Жолдасов Канат Ансабаевич**, 1986 ж.т., «Ақтоғай аудандық мемлекеттік архивы» КММ директоры, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 06.02.2023ж.).
2. **Елүсизова Гулнар Мегаевна**, 1976 ж.т., "Ақтоғай ажары" газетінің бас редакторы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 10.02.2023 ж.).
3. **Дәкәрім Серікбол Дәкәрімұлы**, 1989 ж.т., Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Кәсіпкерлер Палатасы филиалының директоры, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 13.02.2023 ж.).

№3 сайлау округі бойынша

1. **Медеубек Нұрсана Өмірғалыұлы**, 1992 ж.т., «Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің бастығының орынбасары, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 13.02.2023 ж.).
2. **Тұяқбай Думан Талғатұлы**, 1996 ж.т., Ө.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебінің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 13.02.2023 ж.).
3. **Қаура Данияр Жақсыбергенұлы**, 1992 ж.т., "Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік бөлімі" ММ-нің бас маманы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 15.02.2023 ж.).
4. **Керімбай Ерден Мәріпұлы**, 1994 ж.т., "Ақтоғай-СУ" ЖШС-нің директоры, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 15.02.2023 ж.).
5. **Нуртазин Ерлан Жамелович**, 1966 ж.т., жеке кәсіпкер, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 18.02.2023ж.).

№4 сайлау округі бойынша

1. **Кашкинов Канат Мадеевич**, 1966 ж.т., «Сайран» шаруа қожалығының жетекшісі, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округінің тұрғыны. (Тіркелген күні 06.02.2023ж.).
2. **Избасаров Дулат Избасарұлы**, 1971 ж.т., Ақши ауылы мектебінің директоры, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Кежек ауылдық округі, Ақши ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 15.02.2023 ж.).
3. **Каппарова Клара Сагиндыковна**, 1970 ж.т., жеке кәсіпкер, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).
4. **Ашкеев Қайырболат Толукадырұлы**, 1982 ж.т., жеке кәсіпкер, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 17.02.2023 ж.).

№5 сайлау округі бойынша

1. **Шаярстанов Қайрат Бижигитович**, 1966 ж.т., Шабанбай би ауылдық округінің орман шаруашылығы басшысы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылдық округі, Шабанбай би ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 13.02.2023 ж.).
2. **Абеуов Рашид Бегликович**, 1975 ж.т., Ақтоғай аудандық мәслихатының төрағасы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 13.02.2023 ж.).
3. **Жакупов Базаралы Акторгайұлы**, 1959 ж.т., зейнеткер, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

№6 сайлау округі бойынша

1. **Сериков Ергазы Нурланович** 1985 ж.т., жұмыссыз, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 06.02.2023 ж.).

2. **Бөкен Нұраш Еркінұлы**, 1993 ж.т., Ақтоғай ауданы, Шашубай кенті ресурстық мектебінің информатика кабинетінің зертханашысы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 13.02.2023 ж.).

3. **Рахимов Бекзат Хазиханович**, 1990 ж.т., "Ақтоғай энерго" ЖШС директоры, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 15.02.2023 ж.).

4. **Жумабеков Серикхан Қуанышұлы**, 1980 ж.т., жұмыссыз, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 18.02.2023 ж.).

№7 сайлау округі бойынша

1. **Ахметбеков Нурали Байжанович**, 1986 ж.т., «ВЧД-27» вагон тексерушісі, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

2. **Мурзағалиев Қуандық Саятулы**, 1992 ж.т., жұмыссыз, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

3. **Омарбеков Нуржан Мухамбеталиевич**, 1982 ж.т., Сарышаған станциясының басшысы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

№8 сайлау округі бойынша

1. **Асылбеков Серик Айтжанович**, 1981 ж.т., Шу локомотив машинисті, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

2. **Калакбасов Бауыржан Атаркалиевич**, 1974 ж.т., «ШЧ-34» дабыл және байланыс қашықтығының бастығы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

3. **Смайлов Аблай Жексенғалиевич**, 1991 ж.т., ТД-19 Депо машинист-нұсқаушы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 17.02.2023 ж.).

№9 сайлау округі бойынша

1. **Көкөзов Думан Төлүбайұлы**, 1975 ж.т., "Тасарал округі өкімінің аппараты" ММ-нің жүргізушісі, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 14.02.2023 ж.).

2. **Ержанов Октябрь Айдынбайұлы**, 1980 ж.т., балықшы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 14.02.2023 ж.).

3. **Сагиндыков Нурлан Абилакимович**, 1987 ж.т., Тасарал мектебі мұғалімі, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 17.02.2023 ж.).

№10 сайлау округі бойынша

1. **Кабдынова Айсылу Тенызбайқызы**, 1975 ж.т., Ортадересін ауылының мектеп директоры, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылдық округі, Ортадересін ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 14.02.2023 ж.).

2. **Сембаева Алина Топеркуловна**, 1973 ж.т., Ортадересін ауылдық кітапханасының кітапханашысы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылдық округі, Ортадересін ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 15.02.2023 ж.).

3. **Мұрат Нариман Тайтөлеуұлы**, 1998 ж.т., Торанғалық ауылдық округі өкімі аппараты, жетекші мамаң, Қарағанды облысы, Балқаш қаласының тұрғыны. (Тіркелген күні 17.02.2023 ж.).

№11 сайлау округі бойынша

1. **Ахметов Ерлан Курмашевич**, 1974 ж.т., Қарабұлақ ауылдық округі өкімінің аппараты бас маманы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

2. **Мүкәрам Тоты Мейрамқызы**, 1998 ж.т., Айыртас ауылдық округі өкімінің аппараты жетекші маманы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылдық округі, Айыртас ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

3. **Қадрберлин Қайыржан Оналбекұлы**, 1998 ж.т., «Айнабұлақ» шаруа қожалығының жетекшісі, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округі, Абай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 16.02.2023 ж.).

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

«Ауған асуында от кешкен ақтоғайлықтар»

Ауған соғысы – Кеңес Одағы кезіндегі қайғылы тарихи оқиғалардың бірі. Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай, Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінде «Ауған асуында от кешкен ақтоғайлықтар» тақырыбында Ауған соғысы ардагері Мұрат Қақабаяевпен кездесу өтті.



«Кештің мақсаты – Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету, жат жерде көз жұмған жерлес азаматтарды еске алу және жастарға патриоттық тәрбие беру болып табылады», – дейді мұражай экскурсоводы Сағат Қалиасқаров.

Шара ең алдымен жүрекке жазылмайтын жара салған саяси соғыста ерлікпен қаза тапқан ақтоғайлықтарды бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды.

Мерекелік шараға Ә.Бөкейхан атындағы мектеп оқушыларынан жасақталған «Жас сарбаздар» қатысып, көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тағылымды сұхбат өрбітті.

Жылдар жылжып өткенімен, Отан үшін өз өмірлерін құрбан етіп, ерліктің үлгісін көрсеткен қаһарман жауынгерлеріміздің ерлігі ел есінде мәңгі сақталады. Сондықтан да, жас буынға ауған ардагерлерінің өжеттігін үлгі ету, Ауған соғысында опат болған боздақтардың рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу әрқайсысымыздың қасиетті борышымыз.

Думан Бақышев.

Ер есімі – ел есінде

Қызыларай ауылы жастары ерлікке тағзым етті. 15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне орай жерлесіміз, интернационалистік-жауынгер, «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері Серікбай Оразалинді еске алуға арналған рухани-танымдық кеш өтті.

Ақжарық клуб үйінің ұйымдастыруымен өткен шараның мақсаты – бейбітшілік үшін күрескен ерлердің қаһармандығы мен ерлігін дәріптеп, жастарымызды ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Кеш шымылдығы «Жауынгердің хаты» монологымен ашылып, қызыларайлықтар батыр ұлын бір минут үнсіздікпен еске алды.

Шарада сөз алған ауыл әкімі Серікбол Спанов: – Жылдар жылжып, уақыт өтсе де, бұл соғыс халық санасында қайғы болып қатталып, қасірет болып жатталды. Бүгін біз майданнан аман-есен оралғандарға және де осы күнге дейін қайтыс болған жақындары үшін көз жасын төгіп келе жатқан аналар мен сарбаздардың жарларына құрметімізді көрсетеміз, бас неміз. Барлықтарыңызға бейбіт аспан, тыныштық тілеймін, – деді. Айтулы шара барысында батырдың



анасы Ш.Бекмағанбетқызы, сыныптасы П.Тұрсынғайқызы және мектеп мұғалімі Ж.Ақылбековтер сөз сөйлеп, батыр жайлы естеліктерімен бөлісті.

Ауыл өнерпаздары Сәбит Жарқынбектің «Ауғанстан», Аманолла Шайбековтің «Қимайтын қайран бауырлар» сынды әндерді шырқаса, «Шұғыла» би тобының мың бұралған бишілері кештің ажарын аша түсті. Шара соңында батырдың анасы мен сыныптасына клуб үйінің ұжымы естелік сыйлықтар табыс етті.

Думан ҚАБЫЛ.

Бәсі биік бәсекеде топ жарды



Өткен аптада Қарағандыда «Қарлы қыс-2023» XXXIII облыстық қысқы ауыл спартакиадасы және облыс қалалары арасында «Ақ қыс – 2023» ХХ қысқы спартакиадасының алауы тұтанып, жалауы желбіреген-ді. Сол бәсі биік бәсеке жұма күні өз мөресіне жетіп, спорттың бұқаралық сипат алуына едәуір үлесін қосты.

Спартакиадаға Қарағанды облысының 7 ауданы қысқы спорттың 4 түрінен (шаңғы эстафетасы, қысқы президенттік көпсайыс, шайбалы хоккей, коньки тебуден) сайысқа түсті. Жарыс қорытындысы бойынша Ақтоғай ауданы құрамасы коньки спортынан Жандосұлы Шахназар I орынды иеленсе, шаңғы эстафетасынан Ақтоғай ауданы 4-орынды, қысқы президенттік көпсайыстан жекелей

сында 18-20 жас ерекшелігі бойынша Тілектес Рамазан I орын, Тілектес Аружан III орын, 21-27 жас ерекшелігі бойынша Мұхтарбеков Еркебұлан I орын, 40 жастан жоғары жас ерекшелігі бойынша Ізбасаров Дулат I орын, Имашева Бәтес III орынға қол жеткізіп, командалық есепте 3 орынды иеленді.

Жалпы, барлық спорт түрлері бойынша Ақтоғай ауданы 4-ші орынға табан тіреді. Жұлделі орындарға ие болған командалар дипломдармен және кубоктармен марапатталды. Бағдарламаның жекелеген жеңімпаздары және жүлдегерлері тиісті деңгейдегі грамоталармен және медальдармен марапатталды.

Б.Бекіш,
аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің маманы.

Тай мініп, тақым тартысып...

Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылында «Қарағанды облысының ұлттық және ат спорты түрлерінің федерациясы» Қоғамдық бірлестігінің қолдауымен, облыстық «Бөйтерек» көкпар клубының жетекшісі Ерлан Оспановтың бастамасымен, қарағандылық «Көрпетап» командасының белді салымшысы Айбар Мөнидің ұйымдастыруымен жергілікті жеткіншектер арасында көкпар өтті.

Баласына ат өтеріп, топ бөйгеге тұлпар жарытып, кекілін сылатқан аталар арманы орындалды. Ұлттық спорт ұлт деңгейінде ғана емес, бүкіл түркі этносына ортақ құндылық болып қалыптасты. Осы бір серпіліс елге ұран салғандай. Ұлттық рухтың алға қадамдауы – қазақ күресінің, тоғызқұмалақ пен көкпардың өлем деңгейінде танылуынан



да анық аңғарылады. Қызыларайда ұйымдастырылған жеткіншектер арасындағы ойын да осыған айғақ. «Ауыл балаларының ұлттық спортқа, оның ішінде ат спортына деген ынтасы өте жақсы. Кейбір құнан-тайы жоқ балалар жүгенін қолтықтап, өздері келеді ат іздеп. Соларға қарап тұрып қайран қаламыз. Демалыс сайын ауыл балалары көкпар алаңында арнайы муляж тартып жаттығып тұрады. Болашақта жақсы балуандар шығады деген үміттеміз», – деп атап өтті Айбар Мөни.

Қызыларайдың жас балуандары осылайша екі топқа бөлініп, тарысты ойын көрсетті. Жүген-ноқтаға енді мойынұсынған шалабас тай-құнан болса да, қос-қолдап бұрып жалғаруға икемдеп бағуда. Атап айтсақ, Ақтілек Тегісбектің жерге еңкеюге талабы зор. Ол желіп келіп, жердегі 30 келілік муляжды оңай іледі. Сондай-ақ, Орынбасар Шаймұраттың да тақымы таралғысымен бірге қатып қалғандай. Жерге еңкеюі де жаман емес. Ал, Нұртілеу Жеткін тақымына басқан көкпарды анау-мынау балуанға суырта қоймайды. Бір сағатқа созылған ойын қорытындысы бойынша қос команда тең түсті. Атсалысып, талаптанған жас балуандарға ынталандыру сыйлықтары таратылды.

Жан АМАНТАЙ,
Ortalyq.kz



Шаға берсе сыймайды-ау мұң далаға



Айдын БАЙЫС

АУЫЛ. ҚЫСҚЫ ТАҢ. ӨМІР

Үлкен қасқа үйірі еңіс бойлап,
Керіледі сықырлап келісті аймақ.
Езуіне қыстырып шал шылымын,
Аяндайды сиырын өріске айдап.

Әдетіне айналған қайбір көптең,
Шал ақсаңдап барады – айғыр тепкен.
Тоқырауынға қарайды ақ бу ұшқан,
Толқынына батырып қайғы емдеткен.

Емес еді қария ол көреген,
Ел ұйқыда жатқанда ертеменен.
Беткейге өрлеп беттейді бір әнді айтып,
Естігенге көп сырды шертеді өлең.

Кім біледі, көп жұмбақ жатты өртегі,
Жігіт күнін аңсайды-ау, ақ тер болып.
Жуанқоныр - Жыланды жолсызбенен,
Қаңтарда да қатынар аспен келіп.

Шаға берсе сыймайды-ау мұң далаға,
Ішке бүккен көп сырды бұл ғана ма?!
Тетелесі секілді түсінетін,
Тек ақ таулар қасқайып тұрған ана.

Беткейді асып, шөгуде күндер аулақ,
Сәлден кейін шығады күн де лаулап.
...Сәлден кейін немере оянады,
Ойнайды ғой, байқалмай ой алаңы,
Жауып тұрған ақ қарды тілмен аулап.

ЖАҢБЫРЛЫ КҮНГІ АУЫЛ

Мүжіп тұрған түк сезбей тай ағашты,
Тас қораны үркіп кеп саяласты.
«Жыңды Сәрсен» секілді жыңды бұлт,
Көк шатырды сабады-ай аяқасты!

Аңғал көрші жүр еді қи кептіріп,
Дәу етігін қашты үйге сүйреп кіріп.
Алақандай ауламыз көлге айналды,
Көлге айналды, жүзердей үйрек тіліп.

Тұла бойым сәл мұздап, сәл ысынып,
Күркірейді көк аспан жан ұшырып.
Көк төбеттер іргеде қыңсылайды,
Түнде ұйқы бермейтін жарыса үріп.

Уа бүйтпе, ел шулап, уа сүйтпе,
Қарап тұрмай қарғыдым УАЗикке.
Егін жаққа жауса ғой деймін іштей,
Аянышпен көз салып буаз итке.

Төніп келіп салды ғой ойран бұлттың,
Апам бетін шымшиды: –Жайған құртым!
...Әпкем ұзақ телмірді терезеден,
Кімді есіне салды екен, айнама, бұл күн?

ШӨЛ

Тамыздың ыстығы ма,
Елестейді су толы қыш құмыра.
Шөлдеп келем, аяулым, шөлдеп келем,
Қарасаңшы ұйпалаң ұсқыныма!

Тұмасын тостағандап еміп қырдың,
Тоқырауынды тауыстым!
Еріп тұр күн.
Балқашты балығымен қоса жұттым,
Сонда да шөлім қанбай келіп тұрмын!

Сыраға да мен, байғұс, үйір емен,
Қазанның тұтқышындай күйіп өлем!
Ботам-ай, бал тіліңнен татпасам бір,
Басқа түк те таппадым дүниеден!

СҰЛУ МЕН СУРЕТШІ

(Баллада)

Күбі-күбі қиял ойын сапыртып,
Аспандаған атағынан ат үркіп.
Мен суретші болам деді ең ұлы,
Ақтоғайлық Аманқұлдың шөкірті.

Қарай көрші, көңілің ояуың,
Көреді екен гүлдің қырық боюың.
Маңайына маңдай көзбен қараса,
Сүрігеді езі басып аяғың.

Шабыт іздеп жағалауға жүз барды,
Ұнатады су бетіне сызғанды.
Он үшінде жүрек көзі ашылып,
Салам деді өңкей сұлу қыздарды.

Көкірегін керіп сонда жана леп,
Жаңа леппен желпінетін бар әдет.
Қайран ұстаз, бұған бірақ, қарай ма,
Белі шықпай бесіктегі бала деп?

Сал деп берді құмыра мен алманы,
Кейін дейді, қыздың жайы, қалғаны.
Сөйткен шалың, езі келіп өрімдей,
«Су ұсынған сұлу қызды» салғаны!

Ақылына құлақ салсын деді ме,
Жұмбақ қылып, жырақ барсын деді ме?
Сұлулықтың азабы мен ғажабың,
Көріп барып, бірақ салсын деді ме?!

Құдай өзі дарын беріп елесе,
Құдай өзі жалын беріп елесе.
Сұлулықты сомдай білу үшін сол,
Аманқұл боп туу керек немесе.

Сол баладан түк суретші шықпады,
Ұлы өнерден аз екен ғой ұққаны.
Сұлулыққа ғапық еді бірақ ол,
Тандайынан кетпей таңғы шық дәмі.

Кірлетпеді жан-жүрегін ғажап ақ,
Жаздың жылы жаңбырымен тазалап.
Өлең жазып жүр дейді енді, түсінде,
Су ұсынған сұлу қыздар мазалап.

ЕШКІМГЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ БІР ӨЛЕҢ

Қарлығашты көрдің бе, анау ұшқан,
Жақын тартып тұрады жан алыстан.
Ең алғашқы досым – сол ерке құсым,
Мақпал қара қанаты дала құшқан.

Мейірімі мамырлап ізгі күйдің,
Бұрышына ұя сап біздің үйдің.
Тату-төтті тұрғанбыз, айырғанша
Жылан қабық мұз қатқан күз, қыли күн.

(Осы сөзге, білмеймін, сенесің бе?)
Құсым қайтып келмеді Дересінге.
Қармақтың қалтқысындай көлге салған,
Дір-дір еткен дем кетті-ау денесінде.

Бәлкім, еске салатын болар кей үң,
Санамда сағынышқа көп өн бейім.
Оған дейін бір досым болмап еді,
Болмайтын да шығар-ау одан кейін.

БӘЙГЕТӨБЕ

Төргі үйде икемдеп кешкі шайың,
Есті өңгіме бастады ескі шайыр:
«Жолбарыстың жататын жонындай боп,
Бәйгетөбе... көзімнен көпті, сайың!

Алағайлап сал-дәурен, бұлағайлап,
Сағым ұшқан сары бел, ұлан аймақ.
Тақымымда тепенкөк тыпыршымай,
Қай-қайдағым еріксіз шығады ойнап».

Қозғады ма қария жай көнені,
Бәйгетөбе, жарықтық, қай төбе еді?!
Аламаны өткен жер дейді Алаштың,
Көкжұлыны кісінеп, Айтөбелі!

Көне жұрттан кеткен соң көп ел тарап,
Шөге берген екен ғой көлемді алап...
Шымқай аппақ сырмақтан көзімді алмай,
Бабалардан ұялдым төмен қарап!

Өзек тіліп шыныдай өткір сынық,
Қалың ойға қара орман кеттім сіңіп.
Хикаятын шайыр да төмам қылды,
«Ол да бір заман екен...» деп күрсініп.

P.S.: «Еске салса көңілің қайта мұздар,
Қайта барсаң құм басқан қайқаң із бар».
...Бәйгетөбе, жарықтық, дүбір аңсап,
Дүр сілкініп кетпесін, байқаңыздар!

Ақтоғайдың арғы жағында,
Қызыларайдың бергі жағында.

Қара жусан жұпарымен жетіліп,
Қара өлең деп қақсап, көзде от-үміт.
Қазақстанға алаңдайды жас ақын,
Қойшылардың қыстағында отырып.

Қыр соңынан қалмаса да небір ой,
Еті үйреніп кетпесе екез, тегі бой.
Отаным деп опынады біртүрлі,
Кеше ғана бөрі жақсы еді ғой.

Қорасында қой-қошқары тойып тұр,
Неге мұңлы, қайда әкетті ой ұтқыр?
Бабаларын есіне алып найқалды,
Жер үстелді жұдырықпен қойып бір.

Тобылғының бұтағындай бекініп,
Осыған да шүкір десе, шегін үк.
Күллі өлемге алаңдайды ол енді,
Қойшылардың қыстағында отырып.

МАЙСА

(Айбекке)

«Шөңге де өлең, шөп те өлең»,
Құдай ақы, өзім соны жек көрем!

Бүгін бірақ, сөкпе мені, шырағым,
Шалғайдағы шабындыққа беттеп ем.

Көлеңкеге қуып тығар күн ыстық,
Болмаса да жас балада жұмыс түк,
Сүйреп өкеп Айдарлыға вагонды,
Ағалармен шөп шабуға кірістік.

Біздің өуре жайын бағу шөпшінің,
Қара тер боп, шегеді олар көп пылым.
Айтылады пәлен шопақ үйгені,
Айтылады аулақ қыл деп өрт-шығын.

«Бұған ертең сендер ие, қарағым,
Өткір болсын көз бен сөзің, орағың!»
Дастарқанды жайнатамыз, ортаға,
Тікірейтіп ағалардың арағын.

Арқамыздан қаққан сайың, бар шыным,
Дөмін таттым тер боп тамған тамшының.
Азық үшін, жазығы жоқ қой сойып,
Қос басында ішек-қарын аршыдым.

Мектебіме қайттым солай күзде өрең,
Содан бері мың құбылды ізгі өлем.
Ішек-қарын аршыған сол қолменен,
Талай-талай өлең жаздым қызға мен!

Қойшы, кімге қызық дәурен-дүрмегім,
Орақ емес, пыспақ қайрап жүргенім.
Көздің майын кітап ішіп тауысты,
Сөзім өткір сияқты ма, білмедім.

Иінімді езіп бүгін нөпір-мұң,
Сөуле іздеген күйін кештім соқырдың.
Көк майсалы сол шақты ойлап, қалада,
«Горшоктағы» гүлге қарап отырмын.

«ЧАПАЙ» АУЫЛЫ

Көрпетайым-Нұртайым!
Жоғынды іздеп, жықтысыңды жырттайым.
Тоғайыңда топ боп өлең оқи ма,
Көшпей сенен қалып қойған мың қайың?

Үкідей боп ұшып келем, шақырмай,
Балқып жүрем, табанымды батырмай.
Шыққа шомған шүйгініне қызығып,
Аң түгілі, адам жайылатындай.


Өзегің гүл,
Етегің гүл,
Бөктер гүл,
Шауып барад шағыр бие көк теңбіл
Ат сүйреген ақ шылбырдай есіліп,
Жіңішке өзен жылжып жатыр мөп-
мөлдір.

Тазарайын жан-төнімді былғасам,
Жалғыз сырды саған ашпай, кімге ашам?
Көз алдымда кең жазираң тұрады,
Төттімбеттің «Сарыжайлауын»
тындасам.

Бір кем дүние, бір мұным бар ересен,
Көңілімді сұрамайсың неге сен?
Қарашанырақ құламай тұр, қайтейін,
Көріштерім мал қамайды демесен.

Сағым кешкен сағынышты айтам ба,
Саймен өрлеп, шыға бере қайқанға.
Нағашы әжем шығарып сап тұрғандай,
Қымай-қымай қарай берем қайтарда.
Жәудіреген жанарымды байқар ма?!





Ерліктері ешқашан да ұмытылмайды

Ауған соғысы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең ұзақ және ауқымды әскери қақтығыс болып есептеледі. Онда 620 мыңнан астам әскери қызметші борышын өтеп, 15 мыңнан астам офицер мен сарбаз ажал құшты. Ерөн ерлік көрсеткен 92 баһадүр Кеңес Одағының Бағыры атағына ие болды.

Ақтоғай ауданынан 33 жауынгер Ауған соғысының ардагері атанса, бұл күнде 11 жауынгер тәуелсіз елдің экономикасын, әлеуметтік саласын өркендетуге айтарлықтай үлес қосып келеді.

«Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері, жерлесіміз Серікбай Оразалин ауған жерінде ерлікпен қаза тапты.

14 ақпан күні аудан әкімі Руслан Кенжебеков, ауған соғысының ардагерлері, қоғамдық ұйым өкілдері және бір топ мектеп оқушылары «Тарих тағылымы» саябағындағы Ауған соғысы ардагерлеріне арналған мемориалдық ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, саяси соғыстың құрбандарын үнісіздікпен еске алды.

Жиында сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов: – Болашаққа қадамды нық басу үшін өткенімізді өшірмей, ерлігімізді жәдігердей сақтауымыз қажет. Кеңес дәуірінің тарихында ең қаралы беттерінің бірі – Ауған соғысы. Ақтоғайлық азаматтар да Отан алдындағы интернационалдық борышын абыроймен адал атқарып, от пен оқтың ортасында жүріп,

Аудан әкімі Руслан Кенжебековтің қатысуымен Ақтоғай ауданы орталығындағы «Тарих тағылымы» саябағында Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай митингі өтті.



қанды шайқаста батылдық пен ерліктің өшпес өнегесін көрсетті. Өздеріңіздің ерлікке толы қаһармандық істеріңіз жастарымызға үлгі бола беретініне сенімдімін. Ауған соғысы құрбандары мен ардагерлерін ұлықтау бүгінгі ұрпақтың парызы, – деді.

Сонымен қатар, аудан әкімі Руслан Айтықенұлы шараның мән-маңызын тілге тиек етсе, К.Байсейітова мектебінің 9-сынып оқушысы Әміртай Ернат ардагерлерге ақ тілегін арнады.

Одан өрі аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов ардагерлерді жеке қабылдап, сый-құрмет көрсетті.

Өз тілшімізден

Мәдени мұра

Жастардың жұлдызын жаққан «Жас қанат»

«Ел іші – өнер кеніші». Шынымен де, көп ішінде өнері көзге ілінбей, есімі еленбей қалып қоятын «сегіз қырлы, бір сырлы» жандар жетерлік. «Көмексізін бұлбұл ұя салып», болмысына бекзада өнер біткен дарынды жандардың қолтығынан демеу білдіріп, жұлдызын жағу – түншығып жатқан тұман-ның көзін ашқанмен пара-пар.

Ақпан айының 14-інші жұлдызында аудан орталығындағы мәдени-бос уақыт өткізу орталығында республикалық «Жас қанат» байқауының аудандық кезеңі өтті.

Ән байқауына ауданымызға қарасты ауылдық округ, кенттерден келген 14-30 жас аралығындағы



8 өнерпаз, 2 топ қатысты. Бір-бір ауылдың намысын арқалап, үміттерін үкілеп келген қатысушылар бірінші кезеңде патриоттық өн шырқаса, екінші кезеңде еркін тақырыптағы өн айтты.

«Жас қанат» – республикалық жас әншілер байқауы. 1991 жылдан бері жүлдесін үзбестен күні бүгінге дейін

ұйымдастырылып келеді. Байқауға ұлтына, білімі мен тұрған жеріне қарамастан, 30 жасқа дейінгі кез келген тілек білдіуші қатыса алады. «Жас қанат» байқауы бүгінгі қазақ эстрадасының жарық жұлдыздарына айналған тұтас бір толқынын тәрбиелеп, өнерге жол ашып берді.

Бас-аяғы екі сағатқа

созылған аталмыш байқауда бас жүлде ұшаралдық Ф.Айдархановаға бұйырды. I орын Сарышаған кентінен келген Д.Сағынбаевқа бұйырса, II орынды Ақжарық ауылынан келген А.Мөнен мен Нүркен ауылынан келген М.Тұрсынбай тендей бөлісті. Ал шапубайлық Ж.Ақыжанова,

Нарманбет ауылының атынан қатысқан «Асыл» тобы және Кежек ауылынан келген Е.Ғайд III орынға ие болды. Сонымен қатар, Шабанбай би ауылының «Бегазы» тобы, Торанғалықтан А.Амангелді, Сарытерек ауылынан келген Д.Тұяқбай Алғас хатпен марапатталды.

Е.Темірхан

Еске алу



Ардақты әке Түсіпханов Қабыхан Түсіпханұлы, аяулы ана Айнабекова Пана Сандыбекқызына деген сағынышымызды айтып жеткізе алмаспыз. Әулетіміздің киесі, балаларының ардақтысы, шаңырақтың панасы болып, шуақ шашып, арқа-жарқа болып, құшағын айқара ашып, еміреніп мандайымыздан иіскеп қарсы алатын кең пейілдерінді сағындық. Барлық адами қасиеттерді бойымызға дарытқан мейірімдеріңіз бен қажыр-қайраттарыңызға басымызды иеміз. Жарқын бейнелеріңіз өркез көңіліміздің төрінде сақталады. Жандарыңыз жәннатта, төңдеріңіз рахатта болып, арттағы ұрпақтарыңызға ұзақ ғұмыр берсін.

Санамызда сақталып айтқан сөздерің, Ешқашан ұмытылмас жарқын жүздерің. Сағынып аңсаумен еске аламыз, Әке-ана, жайлы болсын жатқан жерлерің.

Сағына еске алушылар: балалары, немерелері – Аңсаған, Арман, Сезім, Әлихан, шебересі – Әлинұр. Әкеміз Түсіпханов Қабыхан Түсіпханұлының өмірден өткеніне – 8 жыл, асыл анамыз Айнабекова Пана Сандыбекқызына 25 жыл болуына орай 25 ақпан күні сағат 11.00-ден бастап, Қызылжар ауылында, өз шаңырағында Құран бағыпталып, ас беріледі. Барлық туған-туыс, құда-жекежат, көзкөрген ағайын мен дос-жарандарға хабарлаймыз.

Еске алу

Жүйткіген жүйріктей, аққан жұлдыздай зулап өтіп жатқан уақыт-ай... Тосыннан келген ажал шаңырағымыздың панасы, ардақты бауыр, асқар тау әке, асыл жар Сыздықов Саят Қалкенұлын ортамыздан алып кеткеніне де жылжып жыл болыпты. Уақыт піркін-ай, санауға оңайсың ғой, Саятымызсыз өткен әрбір секунд біз үшін ауыр, үлкен күрсініс.



Төрге шықса төредей болып ортамыздың сөні мен мені болатын бауырды, жарды, өкені жоқтау қиын. Қимаймыз, Алладан өзімізге сабыр тілеп, болған іске болаттай берік болудамыз. Жүрген жері, қызмет жасаған ортасында да сыйлы, беделді бола білген сенің жоқтығына сену қиын. Артындағы ұрпақтарыңа ғұмыр берсін деп, дұға тілеп, Алладан иман байлығын сұраймыз.

Сағынып мұң жүректерді жаныптап, Елес болып кеттің көзден алыстап. Бір Алланың өміріне амал жоқ, Дұға оқимыз артынан Құран бағыптап.

Сағынышпен еске алушылар: жұбайы – Шынар, балалары, бауырлары.

Руы – Сарым-Шүрекбай Саят Қалкенұлының қайтыс болғанына бір жылдық дұға бағыптау асы 4 наурыз күні «Ай-Фар» мейрамханасында сағат 13.00-ден бастап беріледі. Құранға барша ағайын, туған-туыс, құда-жекежат, көршілер, жора-жолдастарды, өріптестерін шақырамыз.

27 қазан 2022 жылы Азимбаев Канат Тұрсынбекұлы қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 87058328306.

Құттықтаймыз!



Құрметті көршіміз **Бәтима Бакирова!**


Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Талай жыл бір аулада аралас-қуралас болып өмір сүріп келе жатқан, туысқандай болып кеткен осынау абзал жанға келіп жеткен мерейжасыңыз құтты болып, көңіліңіз шалқып, тасы берсін дейміз. Бала-шаға, немерелеріңіздің қызығын көріңіз. Қашанда жүзіңізден нұрлы шуақ сезіліп, ғибрат болар бақытты күндеріңіз көбейіп, ағарып атқан таңды, арайлы әрбір күнді амандық-саулықта қарсы ала бергейсіз.

Күннен-күнге көріңіз тек бақытты,
Әрбір белес болсыншы мол шуақты.
Күмбір күйге тербеліп көңіліңіз,
Шаттық өлем баурасын шаңдырақты.

**Игі тілекпен көршілеріңіз – Бейбіткүл,
Ерік-Гүлжанат.**

Құттықтаймыз!



Әулетің тірегі, қадірлі өке, немерелеріңіз сүйікті атасы **Тыныбеков Марат Қазыкенұлы!**

Сізді асқарлы 60 жасыңызбен құттықтаймыз!

Осы мерейлі күні ұрпақтарыңыз өркен жайып, өсіп-өніп, әулетіңіздің ауыз толтырып айтатын ақсақал жасына жетіп отырсыз.

«Балам – балым, немере – жаным» деген қазақпыз ғой, әулетіңіздің жалғасы боп өсіп келе жатқан немерелердің қызығын Бақытгүл екеуіңіз бірге қалған ғұмырда қызығын қызықтап, ортамызда осылай тындырымды да тыңғылықты қалпыңыздан танбай аман-есен жүре беріңіз. Өміріңізге барша жарық дүние шапағатын тілей отырып, баянды бақыт, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр сүріңіз.

Тілейміз бар бақытты, Марат аға,
Еш жамандық болмасын бұл ғаламда.
Бақытгүл әрқашанда жаныңда боп,
Күәсі біз болайық 70 жаста.

Ақ тілекпен «Аққыз» бөбекжайының ұжымы.

Құттықтаймыз!



Әулетіміздің тірегі, ардақты ағамыз, аса құрметті құдамыз **Жандығұлов Нұрлан Үрімжанұлы**н зейнеткерлік әрі Пайғамбар жасы 63-ке толған меншікті мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасылық бақыт тілейміз. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында құдай қосқан қосағыңыз Назикүлмен бірге ұзақ ғұмыр жасап, шебернің қолынан май жалаңыздар. Әркез қорғанымыз, ақылшымыз болып бауырларыңыздың ортасында, құдалығымыз жарасып, құдалардың жанында аман-есен жүре беріңіз. Осы қалпыңыздан таймай, әлі де биік белес, асқар асулардан аса беруге жазсын.

Мерейлі жас көркем жырмен көмкерілсін,
Арман-мұрат құлшыныспен еңсерілсін.
Дархан өмір ізгілігі бір үзілмей,
Ертеңгі күн мол шаттығын ала келсін.

Ізгі тілекпен бауырыңыз Қобланның әулеті және осы тілекке құда-құдағиларыңыз Арунрашит-Света, Оралтай, Күлкен де қосылады.



Кітап – алтын сандық

«Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім». Барша ілім-ғылымның, көне заманнан сыр шертетін тарихтың қайнары сол том-том кітапта жатыр. Кітапты оқыған сайын көңіл көкжиегің кеңейіп, зердең ашылып, одан әрмен оқи түссем екен деп талаптанасың. Ал, қазақта «Талаптыға нұр жауар» деген тәмсіл бар.

Ақпан айының 10-ы күні аудандық орталықтандырылған кітапхананың ұйымдастыруымен қадым жазуынан аударылған бірнеше кітаптың таныстырылымына арналған «Есімі жаңғырған тұлғалар» атты іс-шара болып өтті. Кітапхана білім мен мәдениет ошағы болғандықтан, ақын-жазушылармен тығыз байланыста болады. Аталмыш шараға дін ұстанған молла, көзі ашық, көкірегі ояу Қалижан Жандығұлов пен танымал ақын Нұржан Шоңұлының ұрпақтары қатысты.



Шабанбай би ауылының имамы, қадым, шағатай, сұлу жадид жазуларын меңгерген, белгілі өлкетанушы А.Хасенов архив жағалап, күні-түн көз майын тауысып, дерекке дәйек қосып, аталмыш кітаптарды құрастырған. Шараға ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, аймақтық «Қасым» журналының редакторы С.Сағынтай арнайы қонақ болып қатысты.

А.Балтабайұлының «Аманат», «Қажыбай Мәндібайұлы өмірі мен шығармашылығы» кітаптары аудандық кітапхана сөрелерінен орын тапқан. – Ауданда Қалижан Жандығұлов деген дін ұстанған ағамыз болған. Сол үйдегі қобдидан қолжазбалар шығып, соны тәржімаладық. Қолжазбадағы дін ғұламасы Қажыбай Мәндібайұлының жинақтары, қажылық сапардағы естеліктері, ақиқат түстер, сонымен қатар көптеген діни шығармаларын аударып, «Аманат» кітабына түздік қылдық. Сондай-ақ, аталмыш кітапқа Қоқымбек Алшынбекұлының өлеңдер жинағы мен Қалижан Жандығұловтың ғұмырнаамасын енгіздік. Және Дүйсенбай Манайұлының зерттеуге тұрарлық екендігі, оның дін турасында жазған қадым жазбалары өте күрделі болғандықтан, зерттеуді қажет ететін бірден-бір еңбек. Дүйсенбай Манайұлы мінәжаттары әлі де болса қаралып, кириллицаға қотарылады деген үміт жоқ емес.

Ол кісі өте күрделі жазыпты және сол заманнан бүгінгі күнге керуен тартқан жазбалардың жазуы ескіріп, парағының әрбір жерлері жыртылған екен, – деп А.Хасенов «Аманат» кітабының мазмұнына қысқаша шолу жасап өтті.

Қарағанды аймағында ел есінде қала қоймаған тарихи тұлғаның бірі – Нұржан Шоңұлы. Ел арасында Нұржан Шоңұлы ақын әрі би болған деген болжам бар. Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер институты қорында» сақталған қолжазба 2021 жылы аудармашының қолына тиіп, тәржімаланады. Арқаның арынды ақыны, қолжазбалары үкіметтік өңдеуге түсіп, бұрын-сонды жария болмаған Нұржан Шоңұлының шығармалары ұрпақтарының демеушілігімен «Мирас» кітабы болып шығады.

Бұл кітаптардың баршасы жерлесіміз, есімі төмам елге мәлім ақын-жазушы С.Сағынтайдың редакциясынан өтіп, «Энгри» баспасынан шыққан. Кітаптардың баршасының жарыққа шығуына кітапта аты аталған тұлғалардың ұрпақтары демеушілік танытқан.

– Қолжазбалардың қай-қайсы да қадымша, шағатай тілдерінде жазылған. Қазіргі уақытта төте жазуды аударатын жандар некен-саяқ. Біз бұрындары Қарқаралыда оқып жүрген шағымызда Бифатима дейтін ұстазымыздан үйренгенбіз, – деді кітап құрастырушы ағамыз сөз соңында.

Е.Айтжан

Құттықтаймыз!

Адал жар, бауырларының жанашыры, баласының қамқоршысы, шәкірттерінің жылы жүректі ұстазы, немерелерінің асыл әжесі, әріптесіміз **Мұстафина Гүлшара Айтжанқызы!**




Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінгі айтулы күнде сізге зор денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр, сәтті істер, қажымас жігер тілейміз. Сізге әлі де шығармашылық жұмыстың жемісін жеп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығына көңеле беріңіз деп тілейміз. Шаңырағыңызда және туған-туыстарыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін! Бүгінгідей мерейлі сәтте сізге еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беруіңізді тілейміз. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Тілек білдіруші: «Т.Ақшұлы атындағы негізгі орта мектеп» КММ-нің ұжымы.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!
<https://aqtogaiajary.kz/>



Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор міндетін атқарушы: Д.КАБЫЛ

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1020 дана



Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

